Келісемін:

Әдіскер міндетін атқарушы

_______ Темирова З.А.

«2» 09.2025 жыл

Бекітемін:

мектеп директоры

_______ Абаев Е.Е.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**

**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2025-2026 оқу жылына арналған**

**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**2 жас**

**Келісемін:**

**Әдіскер міндетін атқарушы**

**Темирова З.А.**

**«1»09 2025 жыл**

**Топ/сынып** кіші тобы

**Балалардың жасы** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2025 оқу жылы қыркүйек айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | **Дене тәрбиесі** | - Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.<br>- Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.<br>- Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру;<br>- Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. |
| | **Тіл дамыту** | - Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарға үйрету<br>- Еліктеу сөздерін қайталап айтуға үйрету<br>- Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>- Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. |
| | **Көркем әдебиет** | - Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.<br>- Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу<br>- Балаларды бесікпен таныстыру<br>- қуыршақты бесікке бөлеу сал дәстүрін көрсету |
| | **Сенсорика** | - Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>- Ауызша тапсырмаларды орындату<br>- Нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындату.<br>- Қимылдардың үйлесімділігін дамыту |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | - Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.<br>- Көркемдік қабылдауларын дамыту.<br>- Бейнелерді парақ бетінде орналастыруға үйрету.<br>- түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру |
| | **Мүсіндеу** | - Балаларды сазбалшық пен ермексаздың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.<br>- Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп ал)<br>- Мүсіндеудің қарапайым тәсілдері біртұтас етіп біріктіру |
| | **Жапсыру** | - Жапсыруға қызығушылықты ояту.<br>- Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру<br>- Олардың қолдану әдістерін үйрету.<br>- Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. |
| | **Құрастыру** | - Балаларды құрылыс материалдарымен таныстыру ойын барысында.<br>- үстел үстінде және еден үстінде құрастыра білуге үйрету<br>- текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндрді дұрыс пайдалана білуге үйрету.<br>- жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. |
| | **Қоршаған әлеммен танысу** | - «Мен» бейнесі.<br>- Есімін атағанда жауап беру<br>- Өзін айнадан және фотосуреттерден тану.<br>- Өзінің есімін және жасын атау. |